

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

30.03.2022 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Біздің депутаттық сауалымызға өңірлердегі іс-сапар барысында, тұрғындар мемлекет тарапынан халыққа берілген тұрғын үйлер құрылысының сапасы нашарлығын жеткізіп, әсіресе мемлекеттік бағдарламалар бойынша пайдаланысқа тапсырылған үйлердің сапасы сын көтермеуіне байланысты халық наразылығын білдіруде.

Баршамызға белгілі, жақында үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің Президенті салынып жатқан жаңа үйлердің саны мен сапасын тексеруді тапсырған болатын.

Атап айтсақ, ондаған жылдар бойы кезек күтіп, баспанаға әрең қол жеткізген тұрғындардың өкпесі қара қазандай. Өйткені үйлерінің шатырынан су сорғалап, кірпіші құлаған, қабырғасы жарылып, көтеріліп, едені опырылған, сырты түсе бастаған. Облыстар бойынша сапасыз салынған үйлерді атап өтсек, мысалы Шымкент қаласы, Тұран – 2 және Асар шағын аудандарындағы тұрғындар тиісті мекемелерге шағымданып, наразылықтарын білдіруде.

Өскемен қаласында 2018 жылы салынған және 2020 жылғы бесқабатты тұрғын үйлер сапасы сын көтермейді. 2021 жылы маусымда Павлодарда құрылысы бітпеген төрт қабатты үй құлаған.

Кеше ғана 22 наурызда Нұр-Сұлтан қаласында «Sat City» тұрғын үй кешенінің «С» блогында подъездің төбесі опырылып түсті. Ғажайыптың күшімен адамдар шығып үлгерген.

Осындай фактілер басқа өңірлерінде де орын алуда.

Талдап көрсек, сапасыз үйлердің басым бөлігі «Нұрлы жер» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар аясында салынған және ипотека арқылы әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілген. Бастапқыда құрылысқа берілген кепілдеме аясында жөндеп беріп отыратын мердігерлер мерзім

аяқталған соң ала тонын ала қашады. Өкінішке орай, аталған тұрғын үй кешендерінде қаншама халық жанын шүберекке түйіп амалсыз өмір сүруде.

Ертең осы үйлер құласа бұған кім жауапты болмақ? Бұл дегеніңіз өте өзекті және кезек күттірмес үлкен мәселе.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыдағы мәселенің өзектілігін ескеріп, республикалық комиссия құруды, оның құрамына қоғам белсенділерін және тұрғын үй алушыларды енгізуді ұсынамыз. Сонымен қатар, барлық облыстардағы, қаладағы проблемалық тұрғын үйлерді қайта тексеруден өткізуді, үйлерде тұру қауіпсіздігін, авариялық деңгейін анықтауды. Республика бойынша тұрғын үйлерді қабылдайтын тиісті жергілікті атқарушы органдарды тексеріп, кінәлілерді жауапқа тартуды, депутаттық сауалға заңнамаға сәйкес жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Аманат» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Қ. Ержан
Н. Ожаев
М. Елюбаев
З. Камасова
Г. Нұрымова**

*Орын: Әуенов Ө.Ө.
Тел: 746356*